

СЫРЫМБЕКТИҢ ЖҮЛДЕСІ

Жылыой ауданының 90 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Киелі мекен – Кең Жылыой» атты республикалық айтыста әріптесіміз, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы, елге танымал айтыскер ақын Сырымбек Сәрсенбаев жүлделі I орынды иеленді.

Сонымен қатар, Жылыой ауданы әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін «Киелі мекен – Кең Жылыой»

мерейтойлық төсбелгімен марапатталды. Әріптесімізді шын жүректен құттықтай отырып, алдағы уақытта да қызметі мен өнеріне үлкен жетістік тілейміз!



МЕРЕЙ



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ «САУЫҚТЫРУҒА 10 ҚАДАМ» БАСТАМАСЫ

Құрметті әріптестер!

«Қазмұнайгаз» ҰК АҚ жұмыскерлерінің деңсаулығы, қауіпсіздігі және әл-ауқаты – бүкіл әлемдегі жүздеген миллион еңбек адамдарына да сияқты, басты орын алады. Бұлар еңбек өнімділігі, бәсекелестік және кәсіпорындардың тұрақтылығына қатысты бірінші дәрежелі мәнге ие.

Бүкіл дүниежүзілік деңсаулық сақтау ұйымының (БДДСҰ) мәліметтері бойынша, жыл сайын инфекциялық емес сырқаттардан 38 млн. адам қайтыс бола-

ды, олардың ішінде жүрек-қантамыр сырқаттары -17,5 млн.адам құрайды, онкологиялық аурулар – 8,2 млн. адам, респираторлы аурулар – 4 млн. адам және диабет – 1,5 млн.адам. Көрсетілген сырқаттардың 4 тобы ИЕС-дан өлімнің барлық жағдаларының 82 %-ын құрайды. Сонымен қоса, бұлардың барлығы ИЕС дамуына үлесін тигізетін қауіп факторлардың алдында осал, мысалы: стресс, дұрыс тамақтанбау, жеткіліксіз дене белсенділігі, шылым шегудің әсері немесе ішмдікке салыну.

Біз, Сіздердің жұмыс орындарында денсаулығыңыздың жақсаруына әкелетін, 10 ТӘЖІРИБЕЛІК ҚАДАМ ұсынамыз.


Ең алдымен, олар дене белсенділігінің жоғарлауына және дұрыс тамақтанбау

әдеттерін болдырмауға бағытталған және Сіздің деңсаулық жағдайының жақсаруына, жағымды корпоративті рухтың қалыптасуына, кадрлар ағымының және сырқаттану себебімен жұмысқа шықпау санының қысқаруына, және де сырқаттану бойынша төлемдердің және мүгедектік бойынша өтемақының азаюына септігін тигізетініне сенімдімін.

Бұл 10 тәжірибелік қадам қызметкерлерді корпоративтік сауықтыру бағдарламасына қарату үшін қолайлы жағдай туғызатыны күмәнсіз. Берілген бастама және салауатты өмір салтын насихаттау ерікті түрде, бірақ та денсаулықты нығайтуға мүмкіндік беретіні туралы әрбір жұмыскер есте сақтағаны жөн.

С.Мыңбаев,
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ
Басқарма төрағасы.

КМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНДАҒЫ
СЫРҚАТТАНУШЫЛЫҚТЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ
КМГ тобы бойынша сырқаттанушылықтың құрылымы



Қазақстан бойынша сырқаттанушылық құрылымы



(Ұлттық компанияның бастамасының 10 қадамының әрқайсысына газетіміздің алдағы нөмірінде егжей-тегжейлі тоқталатын боламыз).

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Енді қауіпсіздік саласындағы құқық-бұзушылықтар, сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалану жөніндегі ақпаратты WhatsApp әлеуметтік желісі және SMS хабарламамен жіберуге болады. Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекеме-

лері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстар қызметі

ЕМГ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІ ӨНДІРІС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Забурын кен алаңындағы полимерлік суландыру жобасын жүзеге асыру барысында кеніштің негізгі аумағын толық қамту мақсатында су айдау ұңғымаларының саны 6-ға дейін өсті.

Айта кетсек, аталған жобаны іске асыру жұмыстары 2014 жылы жабысқақ мұнайлы кен орындарынан «қара алтынды» өндіруді тұрақтандыру мақсатында басталды. Қазіргі таңда полимерлік ерітіндіні екі ұңғымаға айдау нәтижесінде полимерлік суландыру аумағында тұрақты өнім беруге қол жеткізілді.

Жуырда өңірге келген «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесі мүшелері аталған кен алаңында болып, алдымен полимерлік суландыру жобасының жұмысымен танысты.

– Полимерлік суландыру технологиясын қосымша 4 ұңғымаға енгізу кен алаңында өнім беру деңгейін сақтауға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта аталған жоба базасында бұл технологияны өзге де кен алаңдарына таратуды жоспарлап отырмыз. Сол арқылы жабысқақ мұнайды әзірлеу мәселелерін шешу, мұнайды бөліп алу коэффициентін арттыру және кен орындарын пайдалануға берудің экономика-

лық тиімділігін ұзартуға мүмкіндік алуды көздеп отырмыз, - деп атап өтті **кен орындарын игеру жөніндегі басқарушы директордың міндетін атқарушы Қайрат КӨЗОВ.**

Сондай-ақ, директорлар кеңесі мүшелері аталған мұнай-газ өндіру басқармасының С.Балғымбаев кен алаңындағы ілеспе мұнай газын залалсыздандыратын газ дайындау қондырғысында болды.

Аталған қондырғының жылдық өнімі 20 млн. м³-ты құрайды. Ал, шикізат ретінде аталған өндірістік басқарма кен орындарының ілеспе мұнай газы пайдаланылады.

– Газ дайындау қондырғысынан алынған тауарлы газ 1666-2007 ҚР СТ талаптарымен сәйкес келеді. Сонымен қатар, 2188-2011 ҚР СТ талаптарына сай келетін тұрақты газ конденсаты қосымша өнім ретінде алынады. Тауарлы газ мұнай-газ өндіру басқармасының өз қажеттіліктеріне қолданылып қана қоймай, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ жүйесі арқылы Исатай ауданының елдімекендеріне жіберіледі. Ал, тұрақты конденсат мұнайды дайындау және айдау цехына жөнелтіледі, - деді қондырғының жұмысымен таныстырған **энергетикамен қамту және газ шаруашылығы жөніндегі басқарушы директор Бауыржан СЕЙТҚАЗИЕВ.**

ЖҰМЫС САПАРЫ



Қондырғыдан тауарлы газды толыққанды алу үшін «Аққыстау поселкесі -Тұщықұдық АГРС» және «Газ дайындау қондырғысы – Тұманды поселкесі» газ желілері құрылысының жұмыс жоспары жасақталды. Аталған газ желісі тауарлы газдың барлық көлемін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ жүйесіне кез келген уақытта таратуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда аталған газ желілерінің құрылысы жүруде, іске асу мерзімі – 2018 жылдың соңы.

Барлық технологиялық үдеріс автоматтандырылған, яғни, оператор басқару пульты арқылы өндірісті онлайн жүйесінен бақылай алады.

Директорлар кеңесі мүшелері өндіріс алаңдарын аралап болған соң бас кеңседе жиын өткізіп, өзекті мәселелерді талқылады.



ЕМБІ – «МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕСІНДЕ

KIOGE 2018 «Мұнай және Газ» халықаралық көрмесінде сандық технологиялардың «Ембімұнайгаз» АҚ (бұдан әрі ЕМГ немесе Компания) кен алаңдарына таратылуы жайында айтылды.

Биыл ЕМГ KIOGE 2018 көрмесінің семинар бөлмелерінің құрылысын қаржыландырып, шараның күміс жүлдегері болып танылды. Бұл бөлмелерде 26-28 қыркүйек күндері аралығында 3 күн бойы ірі мұнай-газ және сервистік компаниялардың 12 тақырыптық семинары өтті. Салалық шараларға Компания атынан Басқарма төрағасы Ә.Е.Жақсыбеков, кен орындарын иге-

ру жөніндегі басқарушы директордың міндетін атқарушы Қ.С.Көзов, өндірісті автоматтандыру және ақпарат технологиясы департаментінің директоры Б.М.Нсанбаев, сатып алу және жергілікті қамту департаментінің директоры А.Қ.Қамматов, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры І.М.Сарыбеков, ЕМГ-нің алты өндірістік құрылымдық бөлімшесінің басшылары, 4 мұнай-газ өндіру басқармасының геология және автоматтандыру бөлімдерінің жетекшілері қатысты.

Отандық мұнай-газ кешені цифрландыру 2018 жылғы 26-28 қыркүйек күндері өткен KIOGE 2018 «Мұнай және Газ» халықаралық конференциясы мен көрмесінің басты тақырыбына айналды.

KIOGE-2018

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнайсервистері жөніндегі орынбасары Құрманғазы ЕСҚАЗИЕВТИҢ айтуынша, «Интеллектуалды кен алаңы» жобасын енгізудегі басты мақсат «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ өндіруші активтерінде өндірісті басқарудың заманауи кешенді жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Басы. Соңы 4-бетте.



КОМПАНИЯДА ӨТКЕН БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Журналистер мен ҰЕҰ өкілдері «Ембімұнайгаз» АҚ-да (бұдан әрі Компания немесе ЭМГ) ұйымдастырылған баспасөз-туры барысында интерактивті мұражаймен, өндірістік процесті жедел басқару орталығының жұмысымен, мұнай өндірудегі жаңа технологиялармен танысты.

2018 жылдың 20-қыркүйегінде ЕМГ республикалық, облыстық және аудандық БАҚ өкілдеріне баспасөз туры ұйымдастырды. Сонымен қатар, шараға үкіметтік емес ұйымдардың да өкілдері қатысты.

Баспасөз турының бағдарламасы екі кезеңнен тұрды. Алдымен, баспасөз-турына қатысушыларға Компанияның интерактивті мұражайы мен өндірістік процесті жедел басқару орталығы таныстырылды.

– Мен сіздерді 95 жылдан астам тарихы бар Компаниямызда

қарсы алып отырғаным үшін қуаныштымын. Дегенмен, ембілік кен орындардың игерілу тарихына 100 жылдан астам уақыт өтті. Келер жылы алғашқы Қарашұңгіл кен алаңы игерілуінің 120 жылдығын тойлаймыз. Сонымен қатар, сіздер өндірісте қолданылып жатқан жаңа технологияларды, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бағытында жүзеге асып жатқан жаңа жобаларды, шығындарды оңтайландыра отырып, ембілік мұнайшылардың әлеуметтік пакетінің сол күйінде сақталуы туралы көріп, біле аласыз, - деп атап өтті Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ баспасөз турына қатысушыларымен кездесу барысында.

Компанияның басшылық құрамымен кездесуде БАҚ қызметкерлері мен ҰЕҰ өкілдеріне ЕМГ-нің өндірістік қызметі, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік міндеттемелерді жүзеге асыру

НАСИХАТ



бағытындағы тың бастамалары туралы кеңінен айтылды.

Шараның екінші бөлігінде баспасөз турына қатысушылар Атырау облысының Исатай ауданында орналасқан «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Забурын кен алаңына барды. Аталған учаскеде 2014 жылдан бері мұнай тұтқырлығы мәселесін шешу және мұнайды алу коэффициентін арттыру мақсатында полимерлі суландыру жобасы жүзеге асуда. Бұдан әрі баспасөз турына қатысушылар Батыс Новобогат кен алаңында болды. Мұнда қазіргі таңда барлау бұрғылау жұмыстары жүруде. Бұл жерде баспасөз турына қатысушыларға Компанияның геологиялық барлау бағытындағы жоспарлары туралы айтылды.



ЕМБІ – «МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕСІНДЕ

Басы. Соңы 4-бетте.

- Жобаны енгізу интеллектуалды технологияларды қолдану арқылы ұңғымалар мен кәсіпшілік жабдықтардың жұмысын оңтайландыру, өндірістік деректерді жинаудың толық ауқымды автоматтандырылған жүйесін құру, нақты уақыт режимінде кен алаңын игеруде интеграцияланған модельдеу, талдау, жоспарлау және мониторинг жүргізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді... Біз барлық шикізаттың шамамен 90 пайызы шоғырланған және өсу әлеуеті бар 18 кен алаңын таңдадық. Оларды цифрландыруға 28 млрд. тең-



ге бөлу жоспарланып отыр, - деп атап өтті KIOGE 2018 конференциясының өту барысында Қ.Есқазиев.

KIOGE 2018 көрмесінің семинар бағдарламасы шеңберінде ЕМГ мамандары ембілік кен орындарындағы «Интеллектуалды кен алаңы» тұжырымдамасының қазіргі жағдайы мен тарату жөніндегі болашақ жоспарлары туралы егжей-тегжейлі айтып берді:

Өткен жылдан бастап жүйелерді Прорва тобы («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ), Жаңаталап («Жайықмұнайгаз» МГӨБ) және Шығыс Мақат («Доссормұнайгаз» МГӨБ) кен алаңдарына интеграциялау жұмыстары жүріп жатыр. 2023 жылдың соңына дейін Компанияның 12 кен алаңын цифрландыру жоспарланып отыр. Цифрлық кен алаңдары бір орында тұрмайтын болғандықтан, 2018 жылдың басында «Ембімұнайгаз» АҚ-да «Интеллектуалды кен алаңы» жобасын кеңейту үшін халықаралық мұнай-газ компанияларындағы жаңалықтар мен жүзеге асқан шешімдерді зерттейтін жұмыс тобы құрылды, - деді семинар барысын-

KIOGE-2018



да өндірісті автоматтандыру және ақпарат технологиясы департаментінің директоры Болат НСАНБАЕВ.

Естеріңізге сала кетсек, соңғы жылдары ЕМГ өз кен алаңдарын цифрландыру жобасын сәтті жүзеге асыруда. 2016 жылы «Интеллектуалды кен алаңы» жобасы пилотты режимде Уаз («Қайнармұнайгаз» МГӨБ) кен алаңына енгізілді. Аталған кен орнында оң нәтижелер алынған соң, жобаны өзге кен алаңдарына тарату шешімі қабылданды. «Интеллектуалды кен алаңы» жобасы «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына енді және Елбасының Атырау облысына сапары аясында компанияның бас кеңсесінде келгенде оң бағасына ие болды.

ӨЗ ІСІНІҢ ҮЗДІКТЕРІ

Ембіліктер Маңғыстау облысында өткен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның «Үздік маман-2018» кәсіби шеберлік байқауына қатысып келді. Айта кетсек, аталмыш шеберлік байқауының 3-туры «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС, «Ойл Сервисез Компани» ЖШС, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС базала-

рында 20 мамандық бойынша өтеді. Соның ішінде, ембілік қызметкерлер қыркүйек айының 23-29 күндері аралығында 10 мамандық бойынша – мұнай-газ өндіру операторы, ұңғымаларды зерттеу операторы, қабат қысымын сақтау операторы, дәнекерлеуші, токарь, зертханашы, электрик, жүргізуші мамандықтары бойынша қатысты.



ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫ

ТАБЫСТЫ БАҒДАРЛАМА МҰНАЙШЫЛАРҒА ТҮСІНДІРІЛДІ

АРТЫҚШЫЛЫҚТЫ АКЦИЯНЫ КЕРІ САТЫП АЛУ

«Ембімұнайгаз» АҚ-да «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның Артықшылықты акцияларды қайта сату бағдарламасын жұртшылыққа түсіндіру жұмыстары қарқынды жүруде. Басқарма төрағасының орынбасары Сәлімжан Нақпаев пен қаржы директоры-қаржы бақылаушысы Нұрсауле Тәжімағамбетова, заң департаментінің қызметкері Дюсенғалиев Мақсатпен бірге Компанияға қарасты төрт – «Жайықмұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларын аралап, мұнайшыларға аталған Бағдарлама жөнінде түсінік беру-насихат жұмыстарын жүргізді.

– 2018 жылдың 13 тамызында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (КМГ БӨ) Директорлар кеңесі КМГ БӨ акционерлік қоғамның артықшылықты акцияларын кері сатып алу жөнінде бағдарламаны бекітті.

Компанияның келешекте дамуы, ҚМГ ҰК-ның жоспарына сәйкес, операциялық активтерді басқарудың екі сатылы жүйесіне өту арқылы жүзеге асырылады, мұндайда ҚМГ ҰК тікелей мұнай өндіруші «Ембімұнайгаз» АҚға басшылық жасайды. Болашақта КМГ БӨ қызметінің өз бетімен әрекет етуші шаруашылық субъектісі ретіндегі әрекетінің тоқтауына әкеледі.

Бүгінгі таңда ҚМГ БӨ мен «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы арасында интеграция процесі жүріп жатыр. Баршаға мәлім, 2018 жылдың соңына таман «ҚазМұнайГаз» Барлау

Өндіру» АҚ өз жұмысын тоқтатады. Осыған орай компанияның акцияларын сатып алу ұсынысы туындап отыр. Саттыққа шығатын бір акцияның құны 12 800 теңге көлемінде бағаланған, - деп түсіндірді Компанияның қаржы директоры-қаржы бақылаушысы Нұрсауле Әжіғалиқызы.

Осы орайда, ЕМГ Басқарма төрағасының орынбасары Сәлімжан Жұмашұлы акцияларды сату немесе сатпау жөнінде әрбір акционер өзі шешім қабылдайтынын баса атап өтті.

Кездесулер барысында жиынға қатысушылар тарапынан «егер акцияны сатпасақ, не болады?», «акция бағасының құны өзгере ме?», «бағдарлама не үшін қабылданып жатыр?» деген мазмұнда сұрақтар көбірек қойылды. Түсіндіру-насихат тобының мүшелері бұл сауалдарға нақты жауап берді.


- Акцияларды сату жөнінде шешім қабылдау үшін акционер нені білуі керек? Ең бастысы, «ҚМГ» БӨ» АҚ акционерлердің (олардың көпшілігі «ӨМГ» АҚ және «ЕМГ» АҚ жұмысшылары) мүддесін ескере отырып, артықшылықты акцияны сатып алу бағасын нарық бағасынан жоғары қою туралы шешім шығарды. Айта кетсек,

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ құрылғанынан бастап артықшылықты акция арқасы төленген дивидендтер көлемі

| Сатып алынған дивидендтер көлемі | 2007 | 2008 | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | Барлығы |
|--------------------------------------|------|------|------|------|------|------|-------|-------|-------|-------|-------|---------|
| 1 акцияға қарасты дивидендтер көлемі | 182 | 500 | 503 | 656 | 704 | 800 | 1 300 | 1 620 | 1 978 | 2 411 | 2 870 | 25 939 |


- «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ әрбір артықшылықты акция иегері 2005 жылдан бастап 12 жылда 1 акциясына 9280 теңге көлемінде жаракат алды.
- «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ өзінің 1 артықшылықты акция үшін 12800 теңге көлеміндегі бағамен бір мезгілдегі төлеммен сатып ала алады.
- Бір акцияға кепілдендірілген ең төменгі дивиденд 25 теңге.

1 акцияға берілген дивиденд төлемі



1 артықшылықты акция құны

1 артықшылықты акция бағасы, теңгемен



- Соңғы 1,5 жылдағы 1 артықшылықты акцияның орташа бағасы 8240 теңге болды;
- Тек бір рет қана 2018 жылдан бастап, «ҚМГ» БӨ» АҚ-сы «ҚМГ» ҰК» АҚ-ға «сатылмай өскен» деген спекулятивті жинақтар негізінде 12800 теңге болды. Кейін нақты өз бағасына, яғни 10292 теңгеге дейін түсті;
- Қазіргі таңда «ҚМГ» БӨ» АҚ-сы акцияларын нарықтағы бағасынан 24,4%-ға қымбат бағамен сатып алуға ұсынады.

акцияларды сатып алу бағдарламасы аяқталғаннан кейін, KASE биржасында делистинг болу ықтималдығы жоғары, өз кезегінде артықшылықты акциялар бағасы төмендеуі мүмкін, - деп атап өтті түсіндіру-насихат тобының мүшелері. Айта кетсек, «ҚМГ» БӨ» АҚ 2018 жылдың 13 тамыз бен 16 қараша аралығында акцияларды сатып алу бағдарламасын жүргізеді. Сату туралы өтініштерді 2018 жылдың 15 қарашасы сағат 17.00-ге (Алматы уақытымен) дейін қабылданады.



АКЦИЯЛАРДЫ ҚАЙТА САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ЖАДЫНАМА ПАМЯТКА ПО ОБРАТНОМУ ВЫКУПУ АКЦИЙ



1

ҚМГ БӨ АҚ-ның артықшылықты акцияларын сатуға шешім қабылдаңыз

Примите решение продать привилегированные акции АО РД КМГ



2

Брокерлік шот ашу үшін Брокермен («Қазпошта» АҚ немесе кез келген басқа брокерлік компания) келісімшарт жасаңыз

Заключите договор с Брокером (АО «Казпочта» либо любая другая брокерская компания) для открытия брокерского счета



3

«Қазпошта» АҚ трансфер агентіне (тіркеушінің кеңсесі жоқ қалаларда) жүгініп және акцияларды шығынға жатқызуға бұйрық беріңіз

Обратитесь к Трансфер агенту АО «Казпочта» (в городах, где нет офиса регистратора) и подайте приказ на списание акций

4



Брокерге жүгініп, акцияларды есепке алуға бұйрық беріңіз

Обратитесь к Брокеру и подайте приказ на зачисление акций

5



Брокерге жүгініп және артықшылықты акцияларды Биржаның мамандандырылған сауда-саттықтарында сатуға (артықшылықты акцияларды брокерлік шотқа есептегеннен кейін) бұйрық беріңіз

Обратитесь к Брокеру и подайте приказ на продажу привилегированных акций в специализированных торгах на Бирже (после зачисления привилегированных акций на брокерский счет)

6



Брокерге жүгініп, ақша қаражатын есептеуге клиент тапсырмасын беріңіз (ҚМГ БӨ АҚ есеп-айырысуларды өткізгеннен кейін)

Обратитесь к Брокеру и подайте поручение клиента на зачисление денежных средств (после проведения расчетов АО РД КМГ)

Артықшылықты акцияларды сатып алу бағдарламасының басталу мерзімі – 2018 жылдың 13 тамызы.



Өтінішті қабылдауды брокер 2018 жылы 15 қарашада сағат 17.00-де, трансфер-агент 2018 жылы 14 қарашада аяқтайды.

Мамандандырылған сауда-саттықтар (мамандандырылған сауда-саттықтар өткізілгеннен кейін)



Спецторги (после проведения спецторгов)

Дата начала программы выкупа привилегированных акций – 13 августа 2018 года.



Финальная дата приема заявок брокером – 15 ноября 2018 г. 17:00ч. (трансфер-агентом – 14 ноября 2018г.)

БАЙЛАНЫСТАР

Артықшылықты акцияларды сату үшін жүгінуге болатын «Қазпошта» АҚ-ның жергілікті бөлімшелері тізімі

- Атырау қ., Абай к-сі, 6; 8 (7122) 95-69-93
Баймұханов к-сі, 70А; 8 (7122) 95-69-69
Авангард 3 ш.а., 49; 8 (7122) 21-30-02
- Құлсары қ., Махамбет д-лы, 23; 8 (71237) 5-17-38
- Мақат қ., Мұқашев к-сі, 19; 8 (71239) 3-17-18
- Доссор қ., Сүлейменов к-сі, 1; 8 (71239) 2-18-01
- Ақтау қ., 8 ш.а., 20; 8 (7292) 20-35-66
- Жаңаөзен қ., Шаңырақ ш.а., 46Е үй; 8 (72934) 7-17-90

Барлық сұрақтар бойынша Қазпоштаның бірыңғай байланыс орталығына хабарласыңыздар

1499

Тіркеуші – «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ байланыс деректері:

- Астана қ., Иманов көш, 13, 101 кеңсе; 8 (7172) 47-61-88, 8 (7172) 47-61-89.
- Алматы қ., Бостандық ауданы, Сәтпаев көш., 30 А/3;
тел. 8 (727) 272-47-60, ішкі 150, факс: 8 (727) 272-47-60, ішкі 230.

Атырау қаласындағы байланыстар:
Уәлиханов к-сі, 1, «Ембімұнайгаз» АҚ,
қазынашылық департаменті, тел.: 8 (7122) 99-32-62

Жаңаөзен қаласындағы байланыстар:
Қ. Сәтбаев к-сі, 3, «Өзенмұнайгаз» АҚ,
қазынашылық департаменті, тел.: 8 (7293) 46-34-01

КОНТАКТЫ

Список местных отделений Казпочты, в которые можно обратиться для продажи привилегированных акций

- Атырау, ул. Абая, 6; 8 (7122) 95-69-93
ул. Баймұханова, 70А; 8 (7122) 95-69-69
Авангард 3 мкр., 49; 8 (7122) 21-30-02
- Кульсары, пр. Махамбета, 23; 8 (71237) 5-17-38
- п. Мақат, ул. Мұқашева, 19; 8 (71239) 3-17-18
- п. Доссор, ул. Сүлейменова, 1; 8 (71239) 2-18-01
- г. Ақтау, 8 мкр., 20; 8 (7292) 20-35-66
- г. Жаңаөзен, мкр. Шаңырақ, зд. 46Е; 8 (72934) 7-17-90

По всем вопросам обращаться в единый контакт-центр Казпочты

1499

Контактные данные регистратора – АО «Единый регистратор ценных бумаг»:

- Астана: г. Астана, 010000, ул. Иманова, 13, офис 101; тел.: 8 (7172) 47-61-88, 8 (7172) 47-61-89.
- Алматы: Бостандықский р-н, ул. Сәтпаева, 30А/3
тел. 8 (727) 272-47-60, вн. 150, факс: 8 (727) 272-47-60, вн. 230.

Контакты в г. Атырау:
ул. Валиханова 1, АО «Ембімұнайгаз»,
департамент казначейства, тел.: 8 (7122) 99-32-62

Контакты в г. Жаңаөзен:
ул. К. Сәтпаева 3, АО «Өзенмұнайгаз»,
департамент казначейства, тел.: 8 (7293) 46-34-01

МҰНАЙШЫЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

ҰЖЫМЫМ – МЕНІҢ МАҚТАНЫШЫМ

Мен еңбек ететін Терең-өзек мұнай өндіру цехы – байырғы өндіріс орны. Оның 60 жылдық тарихы бар. Бұл - өзгелерге үлгі болған, ынтымағы жарасқан үлкен ұжым. Еселі еңбегімен ел экономикасының өркендеуіне өз үлестерін қосып жүрген ұжымдастарымды мен ең даланың ерен ерлеріне балаймын. Қыстың қаһарлы аязында, жаздың аптап ыстығында қабақ шытпай, аянбай еңбек етіп жүрген ұжымдастарымның әрқайсысы мақтауға да, мақтануға да тұрарлық.

Терең-өзектің балшығы
Қыс болса да қатпайды.
Жазда ыстық шілдеде
Масалары қаптайды.
Қарамай қиындықтарға
Біздегі мұнайшылар,
Еңбек етіп күн- түні,
Ешбір тыным таппайды, - деп жырласам,
артық болмас.

Менің ұжымдастарым, еңбекқорлығымен, өмірде өте қарапайымдылығымен, мәдениеттілігімен танылған. Олар еңбек даласында ғана емес, күнделікті өмірде де тату, бір-біріне қамқор. Біздің ұжымның әр маманы – өз ісінің шебері, кәсіби шеберлігімен шыңдалған жандар. Сондықтан да, білікті де білімді мұнайшылар арасында шешімін таппайтын мәселе жоқ. әрдайым оларға тән қасиеттер - талап, тәртіп, жауапкершілік. Сол себепті, қауіпсіз еңбек нәтижесінде ай сайын мұнай өндіру жоспары нық орындалып, алда

келеміз. Соның куәсіндей «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбековтің қолынан қауіпсіз еңбек етуден және тазалық, тәртіп мәселесі бойынша I орын номинациясымен марапатталдық, әрине, бұл – біздің ұжымның жетістігі. Қазіргі таңда цехты Қанат Нұрмашев басқарып отыр. Өндірістің әр саласының жұмыстарын басқарып отырғандардың басым көпшілігі – жастар. Инженер-техникалық қызметкерлерден бастап, жатақхананың кіші қызметкерлеріне дейін барлығы абыройлы еңбек етуде. әрқайсысы адал еңбекті өзіне серік еткен. «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауының жеңімпаздары Наурызали Жұмағалиев, Нұрлыбек Асқаров, Сұлтан Имашевтарды әрқашан мақтан тұтамыз. Ұжымда олар сияқты өз ісінің шебері, ісіне мығым, жігерлі жігіттеріміз жетерлік. Олар – абыройлы еңбегімен танылған жандар.

Еңбек пен өнерді ұштастырған мамандар да біздің ұжымнан табылады. Сол себепті, мұнайшылар арасында өткізілетін әртүрлі мәдени шараларда үнемі жеңіс биігінен көрінетін – менің ұжымдастарым. Облыстық, аудандық ән байқауларының жеңімпаздары Талғат Көрпебаев, Қайрат Ысмайлов, Нұрболат Шакешов сынды жігіттеріміз – ұжымымыздың мақтанышы. Салауатты өмір салтын ұстанған біздің арамызда мақтанарлық спортшыларымыз да бар. Олар да түрлі спорттық сайыстарда жеңіс биігінен көрініп, жетістіктерге жетіп жүр. Оған дәлел Прорвадағы Нұржанов



атындағы кен орнының 40 жылдығына арналған басқармааралық турнирде біздің жігіттеріміз бас жүлдені иемденді. Теннис жарыстарында биіктерден көрініп жүрген Жомарт Қаратаев – цехымыздың мақтанышы. Ұжымымның абыройлы болуына өз үлесін қосып жүргендердің бірі – өзім. Мен де мұнайшылар арасында өткізілген мәдени-танымдық шараларға белсене қатысып, өз шығармаларыммен ұжымымның абыройын асқақтатып жүрген жайым бар. Өнер фестивалдеріне «Цех тынысы» тақырыбына жазылған өлеңдердің авторымын.

Мен сіздерге құрметпенен қараймын.

Ең даланың ерлеріне балаймын.

Абыройлы еңбек етіп жүр бүгін

Мұнайшылар-талай жігіт, талай қыз, - деген жыр шумақтарын ұжымдастарыма арнадым. Әр адамның өмірде дұрыс қалыптасуына жүрген ортасының берер әсері мол екені бәрімізге белгілі. Сондықтан да, мен осындай ұжымда еңбек ететінімді мақтан етемін.

Гүлбағыт ИСПАНҒАЛИЕВА,
Терең-өзек мұнай өндіру цехының
қабат қысымын қолдау операторы
(«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ).



ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ

Ағымдағы жылдың тамыз айында Ембіге «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның аппарат жетекшісі Б.Мамбетсапаев бастаған бір топ тәжірибе алмасуға келіп, Компанияның интерактивті мұражайымен және электронды мұрағат-тың жұмысымен танысты.

Қонақтарды Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Айболат ГАБДУЛЛИН қарсылап, қош келдіңіздерін жеткізді.

– Қазақ мұнайының қара шаңырағы саналатын «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Әнуар Еркінұлының Жақсыбековтің атынан қош келдіңіз айтатын.



ӨЗЕНДІКТЕР – БІЗДЕ ҚОНАҚТА

Қос компания арасында тәжірибе алмасу үрдісі бұрыннан қалыптасқан. Бұған дейін өзендік және ембілік мұнайшылар арасында өндіріс бағытында тәжірибе алмасу жолға қосылса, бүгін біздің байланысымыз әлеуметтік салада жалғасын тауып отыр, - деп атап өтті Айболат Ғизатұлы.

Қонақтарды, әсіресе, 2014 жылы ашылған интерактивті мұражай ерекше қызықтырды. Сондай-ақ, Компанияның барлық талаптарға сай заманауи секциялық стеллаждармен, басқа да жабдықтармен жабдықталған ведомстволық арнаулы мұрағатының жұмысын да жоғары бағалады.



Айта кетсек, мұрағатты жасақтау мақсатында 24 000 мұрағат ісі ғылыми-техникалық тұрғыда іріктеліп, бірыңғайланды, 688 417 құжаттың көшірмелері жасалынып, атребутталды. Бұл шамамен 1 300 000 бетті құрайды және сұраныстарға жауап дайындау мен анықтама беруге кететін уақытты үнемдейді, сондай-ақ, мұрағат құжаттарына жедел қолжетімділікті ұйымдастыру арқылы жұмыс сапасы жақсарды.

Қонақтар ембіліктерге қонақжайлықтары үшін алғыстарын білдіріп, Ембіден жинақталған ақпараттар «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның 55 жылдық мерейтойын тойлау кезінде құнды деректер ретінде пайдаланылатынын жеткізді.



БУХГАЛТЕРЛЕРДІҢ БАСҚОСУЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ операциялық активтерді басқарудың екі кезеңдік жүйеге көшірілуіне орай жуырда «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамына ҚМГ ҰК АҚ-дан бас бухгалтер Е.Е.Орынбаев бастаған делегация келді.

Жұмыс сапары барысында аталған ұлттық компанияның бухгалтер мамандары компаниямыздағы әріптестерімен танысып, қаржылық есеп дайындаудың өзгертілген үдерісін түсіндірді. Жаңар-

тылған жүйе 2018 жылдың 9 айының қорытындысын шығару кезінде қолға алына бастайды.

Кездесу жиынында компаниямыздың жалпы қызметі таныстырылып, есептеу, жаңа корпоративті есептеу саясатына көшу және бухгалтерия қызметі дамуының жоспарлары кеңінен түсіндірілді.

Егер бұрын ЕМГ аудиттелген қаржылық есепті және барлық өндірістік, қаржылық мәліметтерді ҚМГ БӨ АҚ-на ұсынып отырса, алдағы уақытта компанияның барлық қаржылық есебін, нақтырақ айтсақ, қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ

кіріс туралы есеп, ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есеп, ҚЕХС сәйкес дайындалған қаржылық есептің толық түсіндірме жазбасымен меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп ҚМГ ҰК АҚ-на тікелей жолданады.

МЕНШІК ИЕСІ:
«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ

ЕмбіМұнайГаз
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Шығарушы:
қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор:
А. Ертлеуова



<https://www.facebook.com/100016808373445>



https://www.instagram.com/ao_embamunaigas



<https://t.me/embamunaigaz>



www.emba.kz

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы; **Айболат ГАБДУЛЛИН** – Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары; **Қайрат ӘДІЛБЕКОВ** – Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары; **Бауыржан БАЛЖАНОВ** – Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары; **Сәлімжан НАҚПАЕВ** – Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары; **Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА** – қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры; **Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА** – қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі

ХАТ-МАТЕРИАЛДАРЫҢЫЗДЫ
ТӨМЕНДЕГІ МЕКЕН-ЖАЙҒА
ЖІБЕРЕ АЛАСЫЗДАР:

Атырау қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 1-үй, ЕМГ АҚ бас кеңсесі, 105 кабинет

СҮЛЕЙМЕНОВА Лаура
8 (7122) 99-34-77
L.Suleimenova@emg.kmgep.kz

ҚАРАЖАНОВА Ғалия
8 (7122) 99-34-21,
G.Karajanova@emg.kmgep.kz

ЕРТЛЕУОВА Айгүл
8 (7122) 99-32-09,
A.Ertleuova@emg.kmgep.kz

ТУЛЕГЕНОВ Қарасай
8 (7122) 99-34-80
K.Tulegenov@emg.kmgep.kz